

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орыны туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің 1995 жылғы 22 қыркүйектегі N 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 24 қазандағы N 210 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 554 бұйрығымен.

I. Жоғары оқу орыны, оның құрылымы мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасының жоғары білім туралы құжат беретін және білім беру, кәсіптік ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыратын, заңды құқы бар мекеме жоғары оқу орыны болып табылады. Жоғары оқу орындары өзінің іс-әрекетін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Білім туралы", "Жоғары білім туралы", "Қазақстан Республикасының ғылым мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы" заңдарына, жоғары білім беру саласын реттейтін заң актілеріне, осы Ережеге, сондай-ақ өз құжырына қатысты Жоғары оқу орындарын (ЖОО) басқарудың басқа да нормативті актілеріне сай жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасына мемлекеттік ЖОО мен қатар мемлекеттік емес те (жекеменшік) ЖОО жұмыс істей алады.

Мемлекеттік ЖОО үшін мамандар құрамын және материалдық-техникалық базасын, олардың мәнін және тағы басқа жағдайларын есепке ала отырып: Жоғарғы, бірінші және екінші - үш дәреже белгіленді.

ЖОО дәрежесі туралы Ережені Республика Үкіметі бекітеді.

Құрылтайшы мемлекеттердің бірлесіп қаржыландыру келісім-шарттары негізінде мемлекетаралық органдар мен бірлесіп басқарылатын халықаралық ЖОО ұйымдастырылуы мүмкін.

2. Мемлекеттік ЖОО Жоғары білім беру туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Білім беру министрлігінің және тиісті орталық атқарушы органдарының ұсынуымен Республика Үкіметі құрады, қайта құрады және тартады.

3. Әрбір жоғары оқу орны (ЖОО) осы Ереже негізінде ЖОО қызметін реттейтін өз Жарғысы мен Ішкі тәртіп ережелерін дайындайды және бекітеді.

Жоғары оқу орынының Жарғысы белгілі тәртіп бойынша ЖОО бағынышты басқару органдарында тіркеледі.

Жаңадан құрылған мемлекеттік жоғары оқу орындарында Жарғыны 1 жылға

дейінгі мерзімге ғылыми кеңес қалыптасқанша құрылтайшы бекітеді.

Халықаралық ЖОО Жарғысы құрылтайшы мемлекеттердің үкіметтерімен бекітіледі.

4. Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленетін білім беру қызметі мен жеңілдіктерінің құқысы ЖОО лицензия берілген күннен бастап есептеледі.

ЖОО білім беру қызметін жүргізу лицензиясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тәртібіне сәйкес беріледі және кері шақырылады.

5. ЖОО білім беру, ғылым және мәдениеттің орталығы ретінде басты міндеттері мыналар:

- жеке адамның мәдени және рухани дамуы, жоғары білім мен таңдаған кәсіби қызметіне сай мамандығын алу қажеттілігін қанағаттандыру;

- қоғамның жоғары білімді мамандарының әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін қамтамасыз ету;

- кәсіби және жоғары білімді ғылыми-педагогикалық мамандар дайындау;

- іргелі, ізденгіш, қолданбалы ғылыми және тәжірибе құрастырушылық жұмыстарды, сондай-ақ әдістемелік зерттеулерді ұйымдастыру;

- басқарушы қызметкерлермен әртүрлі бағытты мамандардың білімін жетілдіру мен көтеру;

- қоғамның ізгілік, мәдени және ғылыми құндылықтарын жинау, сақтау және көбейту;

- жұртшылық арасында білім тарату, оның білімдік және мәдени деңгейін арттыру;

6. Өзінің Жарғысына сай мемлекеттік Жоғары оқуының құрамына ЖОО немесе заңды тұлға құрылымдарының бірлік статусы бар оқу, ғылыми, өндірістік және басқа да бюджеттік, шаруа есептік бөлімшелер кіруі мүмкін. ЖОО оқу тәрбие кешендерін, оқу-ғылыми өндірістік бірлестіктер, ассоциацияларды республикадағы, сондай-ақ шетелдердегі басқа да бірлестіктерді құруға немесе соларға енуге құқылы.

Жоғары оқу орны барлық құрылымдармен бірге білім мекемесі - біртұтас оқу-ғылыми-өндірістік кешен ретінде жұмыс істейді.

7. Мемлекеттік ЖОО (филиалдар, оқу және ғылыми институттардан басқалары) құрылымдық бөлімшелерін құру Білім министрлігін хабардар ете отырып және қалыпты тәртіп бойынша ЖОО Жарғысына түзетулер енгізе отырып, сол оқу орынының өзі шешеді.

Мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер және ұжымдарды (бюджеттілерді қоса отырып), соның ішінде заңды тұлға статусы бар мемлекеттік ЖОО жанында немесе құрамында құруды құрылтайшы қалыпты тәртіп бойынша жүзеге асырады.

ЖОО заңды және қаржылық дербестігі бар аймақтық жекеленген оқу-ғылыми

құрылымдарының бөлімшелерін құру жергілікті атқарушы үкімет органдарымен келісу арқылы, Қазақстан Республикасы Білім Министрлігімен немесе оның келісімімен өзі бағынатын ведомстволық басқару органымен келісу арқылы іске асырылады.

8. Мемлекеттік ЖОО өзіндегі мемлекеттік емес ЖОО, сондай-ақ барлық ұйымдық құқылық формалары бар басқа кәсіпорындарға, мекемелер мен ұжымдарға негізгі де құрылтайшы бола алады.

9. Жоғары білім алу мақсатымен оқу төмендегі жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады: университет (классикалық, салалық университет), академия, институт (және соларға теңдестірілген ЖОО-лар).

Университет (классикалық) - қызметі іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу және жоғары, жоғары оқу орынынан кейінгі және қосымша білімнің барлық деңгейінде ғылымның, техника және мәдениеттің табиғи-ғылыми, гуманитарлық және басқа бағыттарын кең көлемде оқыту арқылы білімнің, ғылымның және мәдениеттің дамуына бағытталған жоғары оқу орыны. Университет, халық арасында мәдени-ағартушылық қызмет атқаратын және ғылыми білімді таратуға мүмкіндік туғызатын, білім, ғылым және мәдениетті дамытудың жетекші орталығы болып табылады.

Академия (салалық университет) - қызметі ғылыми зерттеулер жүргізу және жоғары, жоғары мектептен кейінгі және қосымша білімнің барлық деңгейінде ғылым, техника, мәдениет салаларының бірін басым оқыту арқылы білімді, ғылымды және мәдениетті дамытуға бағытталған университеттік типтегі жоғарғы оқу орыны. Академия өзінің қызмет өрісінде жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып табылады.

Институт - ғылымның, мәдениеттің, техниканың бірнеше бағыттарында біліми-кәсіптік бағдарламаларды жүзеге асыратын және ғылыми-зерттеулер жүргізетін дербес жоғары оқу орыны немесе университеттің бөлігі (құрылымдық бөлімшесі).

II. Жоғары оқу орындарына қабылдау

10. Қазақстан Республикасы азаматтары мемлекеттік жоғары оқу орындарының қабылдау жоспары мен мемлекеттік стандарт шегінде, конкурстық негізде тегін алғаш жоғары білім алуға құқылы.

11. Жеке тұлға мүмкіндігі мен қажеттігіне қарай ЖОО өндірістен қол үзіп немесе қол үзбей, сондай-ақ экстернат деңгейінде оқи алады.

ЖОО экстернаты туралы Ереже Қазақстан Республикасының Білім Министрлігімен бекітіледі.

12. Мемлекеттік ЖОО білім беру қызметінің құқығының лицензиясына сай

Білім Министрлігіне қабылдау жоспары бойынша ұсыныс түсіреді.

Білім Министрлігі немесе соған сәйкес жоғарғы білім беретін ведомстволық органдардың мемлекеттік басқармасы ЖОО материалдық-техникалық базасына, мамандық дәрежесіне және мемлекеттік қаржыландыру көлеміне сай қабылдау жоспарын белгілейді.

13. Жоғары оқу орындары Білім Министрлігі бекіткен Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау туралы негізгі ережелер бойынша қабылдау ережелерін жыл сайын өздері дайындайды.

14. Жоғары оқу орындарында оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау, қабылдау емтихандарын өткізу және студенттер құрамына алу үшін қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады. Қабылдау комиссиясының ережесін Білім Министрлігі бекітеді. Қабылдау комиссиясының негізгі міндеті - оқытудың барлық түрлеріне студенттер қалыптастыру.

15. ЖОО институтқа қабылдауда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген азаматтардың білім алу құқығының сақталуын, қабылдау комиссиясының жариялылығын және ашықтығын, оқуға түсушілердің қабілеттері мен дағдыларының шынайы бағалануын қамтамасыз етеді.

III. Жоғарғы оқу орынының оқу, ғылыми және әдістемелік қызметі

16. Жоғары білім беру бағдарламалары жоғары білімнің мемлекеттік стандартымен белгіленген талаптарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқу-ағарту қызметтер жиынтығы болып табылады.

17. Жоғары білімнің мемлекеттік стандарттары білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұнын, студенттердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемін, сонымен қатар мамандарды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

18. Жоғары оқу орындарында жоғары білімнің, жоғары оқу орынынан кейінгі қосымша білімнің және мамандарды қайта даярлаудың мерзімі мен деңгейі әртүрлі мамандар даярлаудың біліми-кәсіптік бағдарламалары жүзеге асырылуы мүмкін.

ЖОО білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұны оқу-әдістемелік бірлестіктердің (ОӘБ) жасаған және Қазақстан Республикасының Білім Министрлігі бекіткен типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

ЖОО көп деңгейлік құрылымының Ережесі Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітіледі.

19. ЖОО типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде, соның ішінде

және жекелеген тұлғалардың оқуды аяқтауымен қысқа мерзімде түгесуін қарастыратын жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасап, бекітеді.

20. Жоғары оқу орыны білім алушыларға біліми-кәсіптік бағдарламасын меңгеру үшін қажетті жағдай жасайды.

Адам өміріне және денсаулығына зиянды, адамгершілікке жат оқыту әдістерін пайдалануға тыйым салынады.

21. Оқу жылының мерзімі, бітіруші курсты есепке алмағанда, барлық басқа курстарда - 1 0 ай .

Оқу жылы, әдеттегідей, 1 қыркүйекте басталып, оқу жоспарына сай аяқталады .

22. Жоғарғы оқу орынында оқу сабақтарының төмендегідей негізгі түрлері белгіленеді; лекция, семинар, практикалық сабақ, лабораториялық жұмыс, кеңес (консультация), бақылау жұмысы, коллоквиум, өзіндік жұмыс, практика, курстық жобалау (курстық жұмыс), дипломдық жобалау (диплом жұмысы). Жоғары оқу орындары басқа да сабақ түрлерін жүргізе алады. Дәрістік сабақтардың барлық түрлері үшін академиялық сағат 45 минут болып белгіленеді .

23. Жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру бағдарламалары жоғары білімі бар азаматтарға өзінің ғылыми және педагогикалық біліктілігін жетілдіруге, ғылыми дәреже алу үшін біліктілік жұмысын дайындауға мүмкіндік туғызады .

24. Оқыту тілі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және нақты заңдарға сай жүзеге асырылады.

ЖОО мемлекеттік тілді оқыту міндетті.

25. Оқушылардың білімі, іскерлігі мен дағдылары келесі бағалармен анықталады; "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық", "қанағаттанарлықсыз", "сынақ", "сынақсыз" немесе "соларға сәйкес" рейтингті баллмен белгіленеді.

26. Оқу жоспарының барлық талаптарын орындаған студент қорытынды аттестацияға жіберіліп, оның нәтижесі бойынша жоғары біліміне және біліктілігіне сай тиісті құжат (академиялық дәреже) беру мәселелесі шешіледі.

27. Білім берудің гуманитарлық ерекшелігінен, жалпы адамзаттық құндылықтардың алғы шарттарынан туындайтын ЖОО тәрбиелік міндеттері оқушылар мен оқытушылардың бірлескен оқу, ғылыми, шығармашылық және өндірістік қызметтері арқылы іске асырылады.

28. Мемлекеттік ЖОО міндетті түрде мамандарды даярлаудың ажырамас құрамды бөлігі болып табылатын іргелі, ізденісті және қолданбалы ғылыми, сондай-ақ әдістемелік зерттеулерді жүзеге асырады.

29. Мемлекеттік жоғары оқу орындары өз бюджеті және ілкі түскен қаражаттармен, соның ішінде мемлекеттік емес және халықаралық қорлардан

қаржыланатын өз ғылыми қызметін белгілі тәртіпте бекітілген ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларға немесе шарттарға, ал ынталы ізденіс зерттеулерін ғылыми кеңес бекіткен тақырыптық жоспарларға сәйкес жоспарлайды және жүзеге асырады.

30. Жоғары оқу орындары ғылым мектептер мен бағдарлардың құрылуын қолдайды, жас оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының дамуына жәрдем етеді.

31. Жоғары оқу орыны әдістемелік жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді. Жоғары оқу орындарында әдістемелік жұмысты үйлестіруді оқу-әдістемелік бірлестіктер - ОӘБ жүзеге асырады. ОӘБ туралы ережені Білім министрлігі бекітеді.

32. Жоғары оқу орыны қорытынды аттестациядан өткен тұлғаларға білімі туралы белгілі үлгідегі құжат (диплом, аттестат, куәлік) береді. Оқытылған пәндердің бағалары бар тізбесі дипломның қосымшасында беріледі.

33. Жоғары білімді куәлендіретін мемлекеттік үлгідегі құжаттарды Қазақстан Республикасының Білім Министрлігі бекітеді.

IV. Академиялық бостандықтар және жоғары оқу орынының дербестілігі

34. Ғылыми-педагогикалық қызметтің әрбір иегеріне біркелкі мемлекеттік білім стандарты шегінде өз қалауы бойынша оқу курсы, оқытудың және білім алудың әдісі мен әдістемелік, ғылыми ізденістер мен құралдарын, оларды шешудің міндеттерін таңдап алу, сондай-ақ оқыту процесі мен ғылыми-зерттеулерді жүргізуді қамтамасыз ететін ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығы беріледі.

35. ЖОО өз Жарғысынан туындайтын дербес шешім алу және оны іске асыру құқығын пайдалана алады.

36. ЖОО-ның дербестік статусын, сол ЖОО-ның ынтасымен өткізілетін аккредитивтеудің қорытындылары бойынша, Республика Үкіметі береді. Ерекше жағдайларда ЖОО-ның дербестік статусын Қазақстан Республикасының Президенті беруі мүмкін.

Құрылтайшы мемлекеттер мен мемлекетаралық органдар арқылы басқарылатын және мемлекетаралық келісім шарттармен (келісімдермен) құрылған халықаралық ЖОО дербес ЖОО статусына ие болады.

37. ЖОО қоғамдық аккредитивтен өту мақсатында Қазақстан мен Халықаралық ұжымдардың кез келген ұжымына өтінуіне құқылы. Мұндай

аккредитивтелу мемлекет тарапынан қосымша қаржыландыруды міндет етпейді.

38. Дербестік статус алған ЖОО өз қызметінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен дербестік туралы Ережені басшылыққа алады.

V. Жоғары оқу орынын басқару

39. Мемлекеттік ЖОО басқаратын ең жоғарғы орган - Ғылыми кеңес болады. Ғылыми кеңестің құрамы, оның міндеттері, өкілеттіліктері мен жұмыс тәртібі ЖОО-ның Жарғысымен белгіленеді.

40. ЖОО-ның Ғылыми кеңесі 3-5 жыл өкілеттік мерзімге сайланатын орган. Ғылыми кеңестің мерзімінен бұрын қайта сайлауы оның жартысынан көп мүшелерінің талабы бойынша, сонымен бірге жоғары оқу орынның Жарғысында қарастырылған жағдайларда өткізіледі.

Ғылыми кеңестің шешімі бойынша кетіп қалғандардың орынына жаңа мүшелер сайланады.

41. Жоғары оқу орынының ғылыми кеңесіне лауазымы бойынша: ректор (төраға), проректорлар, факультеттер мен ЖОО-ға кіретін заңды құқығы бар дербес құрылымдық бөлімшелердің басшылары және де жоғары оқу орыны кітапханасының директоры (меңгеруші) кіреді.

Кеңес құрамының 50 процентінен кем емес мүшелері дербес құрамдық бөлімшелердің жиналысында анықталған делегаттардан құралған ұжым конференциясында ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Ғылыми кеңестің жекелеген құрамын ЖОО ректоры бекітеді.

Ғылыми кеңес шешімі ЖОО ректорының бұйрығынан кейін өз күшіне енеді.

Жаңадан құрылған ЖОО Ғылыми кеңесінің бірінші құрамы құрылымдық бөлімшелердің басшыларының ұсынуымен 1 жылдық мерзімге ректормен бекітіледі.

42. Республикалық бағыныстағы мемлекеттік жоғары оқу орындарының (әскери, дербес және халықаралық оқу орындарынан басқа) басшыларын орталық атқару органдарымен, облыстардың, Алматы қаласының және астананың әкімдерімен келісе отырып 5 жыл мерзімге және контракт бойынша тағайындайды. ЖОО ректорлары өзінің лауазымдық міндеттерін дұрыс атқара алмаған жағдайда, өзара келісім-шарт біржақты бұзылуы мүмкін.

Ректор өзінің жұмысы туралы ЖОО Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде басқа да ұжым мүшелері мен студент өкілдерінің қатысуымен жылма-жыл есеп беріп отырады.

ЖОО ғылыми кеңесі өзінің мүшелерінің 2/3 даусымен ЖОО ректорына сенімсіздік білдіре алады және соған сәйкес Білім министрлігінің жоғары білім басқармасына ректорды қызметінен босату жайлы мәлімдеуіне құқығы бар.

Аккредитивтеліп танылған ЖОО ректорды сайлауға және босатуға құқығы бар .

43. ЖОО жұмыс қорытындыларына ректор толық жауапты. Ол қолданылып отырған заңдылыққа сәйкес жоғарғы оқу мекемесі атынан әрекет етеді, барлық органдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда өкілетті болады, ЖОО мүлкіне иелік жасайды, келісімдерге отырады, сенім хаттар береді, банкте ЖОО есепшотын ашады .

44. Ректор Қазақстан Республикасының Конституциясына, қолданылып отырған заңдылықтарға, Білім министрлігінің нормативті нұсқау актілеріне және осы Ережеге қарсы келмейтін дербес шешімдер мен әрекеттер қабылдай алады.

Ректор мен Ғылыми кеңестің арасындағы келіспеушілік ЖОО лайықты басқару органымен шешіледі .

Ректор Жарғыда белгіленген өз өкілеттігі шегінде жоғары оқу орынының барлық қызметкерлері мен оқушыларына міндетті болып табылатын бұйрықтар мен өкімдер шығарады. Ректор жоғары оқу орындарында істейтін жұмысшылар мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату ісін жүзеге асырады, сонымен қатар профессорлық-оқытушылық құрам мен ғылыми қызметкерлердің орынын толтырудың белгіленген тәртіптерін сақтауды қамтамасыз етеді, ғылыми-зерттеу, конструкторлы-технологиялық, тәжірибе-эксперименталды және жоғары оқу орнына кіретін басқа да ұйымдар мен бірлестіктердің жетекшілерін бекітеді, олардың құзырын белгілейді, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері мен проректорларды қоса қызметкерлерге сыйлық тағайындау мәселелерін шешеді.

45. Ректордың өз өкілеттіктерінің бір бөлігін проректорларға (вице-президентке) және басқа да басқарушы қызметкерлерге беруге құқығы бар.

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың (ОӘБ) орынбасарын жоғары оқу орынның ведомстволық бағыныштылығына қарамастан Білім министрлігі бекітеді .

Қалған проректорларды ЖОО ректоры тағайындайды. Кейбір ЖОО салалық министрлігімен келісім бойынша бірінші проректор қызметі енгізілуі мүмкін. Проректорлардың саны Білім министрлігінің нормативімен реттеліп отырады. Проректорлардың міндеттерін ректор белгілейді.

46. Жоғары оқу орнының Жарғысы мен Ереже негізінде қызмет атқаратын факультет және кафедра жоғары оқу орнының негізгі құрылымдық бірлігі болып табылады, ал олардың саны мен сипатын жоғары оқу орнының мамандықтар мен мамандандыру тізбесіне, сондай-ақ, студенттердің және оқытушылардың санына байланысты жоғары оқу орнының ғылыми кеңесі белгілейді.

47. ЖОО құрамына қарай (факультет, оқу-ғылыми комплекс, департамент т.б.) кейбір бөлімдерінде сайланбалы өкілеттік органдар-кеңестер құрылады.

Олардың өкілеттігі мен сайлану тәртібі ЖОО Жарғысымен анықталады. Сол кеңестердің құрамында студенттердің өкілдері болуы тиіс.

48. Факультет - бір немесе бірнеше ұқсас мамандықтар бойынша студенттер және аспиранттар дайындайтын, экономиканың, білімнің және мәдениеттің тиісті саласында басшы, инженер-техникалық және педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыратын және де кафедралардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық ететін жоғары оқу орынының оқу-ғылыми және әкімшілік бөлігі.

Факультетті - ең беделді, тәжірибесі мол ғылыми дәрежесі не деңгейі бар мамандардан Ғылыми кеңесте 5 жылға сайланған - декан басқарады.

Жекелеген жағдайларда деканды 1 жылдан артық емес мерзімге одан әрі сайлану тәртібі мен өзара келісім шарт жасау арқылы қызметке алуға болады. Факультет деканының қызметі екі реттік мерзіммен шектеледі.

49. Кафедра - студенттер арасында тәрбие жұмысын, бір немесе бірнеше ұқсас пәндер бойынша ғылыми-зерттеу, әдістемелік, оқу жұмыстарын, сонымен қатар ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау және олардың біліктілігін көтеруді жүзеге асыратын жоғары оқу орнының негізгі оқу-ғылыми құрылымдық б ө л і г і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Кафедраны, әдетте, профессор немесе ғылым докторы деген атағы бар, ЖОО (факультет) Ғылыми кеңесі 5 жылға сайланған кафедра меңгерушісі басқарады.

50. Кафедра туралы типтік Ережені Білім министрлігі дайындайды. Факультеттер мен құрылымдық бөлімшелер туралы Ережелерді ЖОО өздері д а й ы н д а п б е к і т е д і .

51. Ректор, мемлекеттік жоғары оқу орны филиалының басшысы, проректор, факультет деканы және кафедра меңгерушісі қызметтерін 65 жасқа дейінгі адамдар атқарады. Көрсетілген жастан асқан басшы қызметкерлер біліктілігіне сай келісім бойынша оқу, ғылыми және басқа қызметке ауыстырылады немесе белгіленген тәртіп бойынша зейнетке шығады.

Ректорға, проректорға, ерікті деканға жоғары оқу орыны филиалының, институт директорларына өзінің қызметімен қатар жоғары оқу орынынан тысқары немесе ішіндегі (ғылыми және ғылыми-әдістемелік басшылықтан басқа) басқару қызметін атқаруға рұқсат етілмейді. Ректор, проректор, директор, ерікті декан, кафедра меңгерушісі өзінің міндетін қосымша қызмет есебінде атқара алмайды, өкілетті органдардың депутаты және жергілікті басқару органдарының мүшесі бола алмайды, кәсіпкерлік жұмыспен айналыса алмайды, оның ішінде шаруашылық субъектілерінің ұйымдастыру-құқықтық түрлеріне қарамай оларды басқаруға қатыса алмайды.

VI. Жоғары оқу орындарының студенттері, тыңдаушылары

52. Ректордың бұйрығы мен оқуға алынған адам жоғары оқу орынының студенті болып табылады. ЖОО-ның студентіне студенттік билет пен сынақ кітапшасы беріледі.

53. Студент ЖОО білім беру процесінің негізгі субъектісі болып табылады.

54. ЖОО студенттерінің мынандай құқықтары бар:

- ақысыз мемлекеттік білім беру стандарттары ауқымында оқуға және қосымша (соның ішінде ақылы) білім беру қызметін алуға;

- осы ЖОО барлық оқу сабақ түрлеріне қатыса алуға;

- жоғары оқу орынының кітапханаларын, ақпарат қорын, оқу, ғылыми және басқа да бөлімшелерінің қызметін тегін пайдалануға;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға, симпозиумдарға қатысуға, өз жұмыстарын жариялауға, оның ішінде жоғары оқу орындарының басылымдарына жариялауға;

- ЖОО әкімшілігінің бұйрықтары мен өкілдеріне заңдарда белгіленген тәртіппен шағым беруге;

- оқудан бос кезінде оқуын жұмыспен ұштастыруға.

55. ЖОО студенттері таңдап алған мамандығы бойынша теориялық білімді, практикалық дағдыны және зерттеулердің қазіргі әдістерін меңгеруге, оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларында көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындауға, ұлттық және жалпы-адамзаттық, рухани-адамгершілік қазыналарды құрметтеуге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

56. Оқудағы табыстары және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы белсенділігі үшін студенттерге түрлі моральды және материалды сыйлықтар тағайындалады.

57. Оқу жоспарларын орындамағаны және ЖОО Жарғысын ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны үшін студенттерге ЖОО шығаруға дейін шара қолданыла алады.

58. Оқудан шығару, қайта алу және ауыстыру Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бекіткен Ереже негізінде іске асырылады.

59. ЖОО мемлекеттік өтініш бойынша күндізгі бөлімді аяқтаған бітірушілерді жұмысқа жекелей жіберуге міндетті.

Келісім шарттар бойынша ЖОО бітіргендер соның негізінде жұмысқа жолдама алады.

Жас мамандардың құқықтары мен міндеттері олардың жұмысқа орналастырылуы Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Ережемен анықталады.

ЖОО студенттерді еңбекпен қамтамасыз ету саласы ережесі жайлы хабарлап

отыруға міндетті, кәсіпорындармен, мекемелермен және ұжымдармен еңбек шартына (өзара шартына) отыруына көмек етеді.

60. Дайындық бөлімдерінде, біліктілігін арттыру және мамандарды қайта дайындау факультеттерінде оқитын тұлғалар, сондай-ақ, даярлық курстарында ақы негізінде қосымша білім алатындар ЖОО тыңдаушылары болып табылады.

VII. Жоғары оқу орнының оқытушылары және басқа қызметкерлері

61. Мемлекеттік жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамында: кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы, ассистент, оқытушы-стажер; ғылыми құрамда: бас ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер қызметтері қ а р а с т ы р ы л а д ы .

62. Профессор-оқытушылар және ғылыми құрамның, оқу ғылыми бөлімдерінің басшыларының орынын толтыру конкурс, келісім-шарт және еңбек ш а р т ы а р қ ы л ы жү з е г е а с а д ы .

63. Оқытушылық лауазымға қабылдау немесе босату Білім министрлігі бекіткен "Жоғары оқу орындарында профессор-оқытушылар құрамын жұмысқа қабылдау және босату тәртібі туралы Ереже" арқылы жүзеге асады.

64. Жоғары оқу орнының оқытушылары Қазақстан Республикасы заңдары белгілеген тәртіппен 6 сағаттық нормасыз жұмыс күнін және ұзартылған, ақы төленетін демалысты пайдалануға құқылы.

65. ЖОО-ы профессор-оқытушылар құрамына, олардың біліктілігі мен қызмет ерекшелігіне байланысты, өз бетімен, оқу жүктемесін белгілейді. Оқу жүктемесінің мөлшері бір ставка көлемінде заңда белгіленген өлшемнен аспауы т и і с .

66. Профессор-оқытушылар штат өлшемі мен студенттер санының ара-қатысы жоғары оқу орнының дәрежесіне (категориясына) қарай а н ы қ т а л а д ы .

67. ЖОО қызметкерлерінің "Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасының заңына, Білім министрлігінің нормативтік актілеріне, ЖОО Жарғысына және келісім-шартқа сәйкес құқықтары мен міндеттері бар.

68. Жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамы:

- кәсіптік қызметі үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- педагогтің жеке ерекшеліктеріне мейлінше толық сай келетін және оқу процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін бекітілген жоспарлар мен бағдарламаларға сай оқыту әдістері мен құралдарын еркін тандап алуға;
- біліктілігін белгіленген тәртіп бойынша арттыруға;

- жоғары оқу орнының (факультеттің) Ғылыми кеңесіне сайлауға және с а й л а н у ғ а ;

- жоғары оқу орны, факультет ғылыми кеңестерінің мәжілістерінде және басқа да өзін-өзі басқару органдарында оқу, әдістемелік, ғылыми шығармашылық және өндірістік қызметтің аса маңызды мәселелерін талқылауға қ а т ы с у ғ а ;

- белгіленген тәртіппен халықаралық және республикалық ғылыми, әдістемелік съездерге, конференцияларға, кеңестерге қатысуға;

- педагогтік және ғылыми қызметтегі табыстары үшін моральдық жағынан көтермелену мен материалдық сыйақы алуға, ордендермен және медальдармен наградталуға, құрметті атақтар алуға;

- өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

- жоғары оқу орны әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне заңдарда белгіленген тәртіппен шағым беруге құқылы.

Жоғары оқу орындарының педагог қызметкерлеріне жыл сайын мамандығы бойынша оқу, әдістемелік, ғылыми және басқа әдебиет сатып алу үшін нысаналы мақсатпен лауазымдық айлықақысы мөлшерінде жәрдемақы бөлінеді.

Жоғары оқу орындарының педагог қызметкерлерінің "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен және басқа да заң құжаттарымен белгіленген б а с қ а да құ қ ы қ т а р ы б а р .

Әкімшілік-қызмет көрсетуші, өндірістік және көмекші қызметкерлердің құқығы ішкі тәртіп ережелерімен және лауазымдық нұсқаулармен белгіленеді.

Жоғары оқу орнының құрамына енетін ғылыми-зерттеу, конструкторлық-технологиялық, тәжірибе-эксперименттік, оқу, оқу-өндірістік, өндірістік (шеберханалар, цехтар, шаруашылықтар) және басқа ұйымдар, бөлімшелер қызметкерлеріне арналған жеңілдіктер мен артықшылықтар салалар мен өндірістер қызметкерлерінің сондай категорияларына сәйкес белгіленеді.

Жоғары оқу орындарының қызметкерлерін қызметкерлердің өз келісуінсіз олардың негізгі қызметіне тән емес міндеттерді атқаруға тартуға жол берілмейді.

69. Жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамы:

- педагогтік және ғылыми процестің жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге, студенттердің бойында дербестікті, бастаманы дара және шығармашылық қабілетті дамытуға, студенттердің мемлекеттік стандарттан кем түспейтін білім а л у ы н а қ о л ж е т к і з у г е ;

- білім мазмұнының жоғары ғылыми деңгейін қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулер жүргізуге, оларға студенттерді белсенді түрде қатыстыруға;

- өзінің біліктілігін арттырып отыруға;

- студенттерді оқыту мен тәрбиелеу ісін жоғары кәсіптік деңгейде жүргізуге, ұлттық, жалпыадамзаттық, рухани-адамгершілік қазынаға құрметпен қарауға

тәрбиелеуге ;

- педагогикалық этика нормаларын, жоғары оқу орнының Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

Профессор-оқытушы және ғылыми қызметкерлердің міндеттері сондай-ақ контракт ережелерімен регламенттеледі.

70. Әкімшілік-қызмет көрсетуші, өндірістік және көмекші қызметкерлердің міндеттері ішкі тәртіп ережелерімен және лауазымдық нұсқаулармен белгіленеді.

VIII. Ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және педагогикалық, ғылыми қызметкерлердің мамандығын көтеру

71. Ғылыми-педагогикалық кадрларды ЖОО немесе соның жанындағы ғылыми-зерттеу мекемелерінің магистратурасында, аспирантурасында (ординатурасында, адъюнктурасында) және докторантурасында даярлау, сондай-ақ ғылыми дәреже алуға талаптанушыларды ЖОО тіркеу, оқытушыларды докторлық диссертация даярлау үшін ғылыми қызметке ауыстыру, диссертацияларды аяқтау үшін оларға шығармашылық демалыс беру жолдарымен жүзеге асырылады.

72. Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау туралы Ережені Қазақстан Республикасы Үкіметі, ал жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімшелері мен мамандықты көтеру туралы ережелерді Қазақстан Білім министрлігі бекітеді.

73. ЖОО барлық оқытушылары 5 жылда кемі бір рет мамандық көтеруден өтіп отырады.

74. Бюджеттік қаржыландыру есебінен мамандық көтеруден өту түрлерімен қатар, ықылас білдірген азаматтар мен ұжымдардың ЖОО немесе ғылыми ұжымдармен келісім-шарттар жасауы есебінен мамандық көтеруге жол беріледі.

IX. Жоғары оқу орынының қызметін бақылау

75. Мемлекеттік жоғары оқу орыны орталық мемлекеттік жоғары білімді басқару органына (Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне) бағынышты және тікелей басқару органына есепті, олар ЖОО Қазақстан Республикасының заңдарын және өз Жарғысын бұзған жағдайда өз өмірімен жоғары оқу орынының бұл бағыттағы іс-әрекетін сот шешіміне дейін тоқтата тұруға құқылы.

76. Жоғары білімнің сапасын мемлекеттік бақылау жоғары білім саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге, мамандардың сапасын арттыруға, жоғары мектептің қаржысын тиімді пайдалануға бағытталған.

Білімнің белгіленген стандартын мемлекеттік бақылау барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес те жоғары оқу орындарына қатысты.

77. Жоғары оқу орынын бағалаудың бірыңғай жүйесі мыналарды:

- Түлектерді даярлаудың мазмұны, деңгейі мен сапасының жоғары білімнің мамандықтары бойынша мемлекеттік стандарттарға сәйкес екендігін айқындау, сондай-ақ жоғары оқу орыны мәртебесін белгілеу мақсатында мемлекеттік аттестациялады;

- өз қызметінің қорытындыларын мемлекеттің ресми мойындауы үшін ЖОО бастамасымен өткізілетін мемлекеттік аккредитивтеуді;

- ЖОО түрлі қоғамдық мекемелердің, соның ішінде шетел ұжымдарының да қоғамдық аккредитивтеуін қамтиды.

78. ЖОО Қазақстан Республикасының, Жарғының, лицензиялардың заңдылықтарын орындауын, олардың білімдік және қаржы-шаруашылық қызметін тікелей бақылауды құрылтайшы өз өкілеттігі деңгейінде жүзеге асырады.

79. Аттестациялау жайлы ережені Қазақстан Республикасы Білім министрлігі жасап бекітеді.

ЖОО аккредитивтеу жайлы ережені Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Х. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесінің қаржы-шаруашылық қызметі

80. ЖОО-ның қарамағына құрылтайшы өз меншігіндегі немесе басқа біреуден жалға алынған жекеменшік объектілерін (үй, құрылыс, мүліктер жинағы, құрал-саймандар, сонымен қатар, мәдени-әлеуметтік тұтыну мүліктері) береді.

Жоғары оқу орны жай адамдар және (немесе) заңды ұйымдар сый, жәрдем ретінде берген ақшалай қаражат, мүлік және басқа да меншік объектілеріне, оның қызметінің нәтижесі болып табылатын интеллектуалды және шығармашылық еңбек өнімдеріне, сонымен бірге өз қызмет қайраткерлігі түсіміне және сол табыс-түсімге алынған меншік объектілеріне иелік етуге құқылы.

Жоғары оқу орнының мемлекеттік мүлкі жедел басқару құқы бойынша оның өзіне қарайды және тартып алуға немесе жоғары оқу орнының мүддесі мен негізгі міндеттеріне қайшы келетін мақсатта пайдалануға жатпайды.

81. Мемлекеттік жоғары оқу орнының қарамағына мерзімсіз тегін пайдалануға белгілі тәртіп бойынша бөлінген жер бекітіледі. Ол жер сатып алу құқысыз жалға және уақытша пайдалануға құрылтайшының келісімімен беріле

а л а д ы .

82. Жоғары оқу орнына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес табиғат ресурстарын тиімді пайдалануға және қорғау талаптары мен нормаларын сақтау, сонымен бірге өз іс-әрекеті нәтижесінде келтірілген зиянның орнын толтыру жауапкершілігі жүктеледі.

83. Мемлекеттік білім беру мекемелері ақылы білім беру қызметін көрсетуге хақылы. Оларға мыналар жатады:

- заңды және жеке тұлғалармен шарт жасасу арқылы шәкірттерді оқыту, мамандар даярлау және олардың біліктілігін көтеру;

- білім берудің қосымша бағдарламалары бойынша оқыту, арнаулы курстар мен пәндер циклін оқыту, репетиторлық жұмыс, пәндерді тиісті білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім стандарттары ауқымынан тыс тереңдете оқитын шәкірттермен сабақ жүргізу.

Ақылы білім беру қызметі бюджет қорынан қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына және оның ауқымында жүргізілмейді.

Мемлекеттік білім беру мекемелерінің ақылы білім беру қызметін көрсету тәртібі Білім министрлігі қолданып жүрген заңдарға сәйкес айқындайды.

84. Мемлекеттік жоғары оқу орындарын қаржыландыруды бюджеттік қаражат есебінен мамандарды даярлаудың мемлекеттік нормативтеріне сәйкес жоғары оқу орнының тіршілігіне және дамуына кететін заң жүзінде белгіленген шығын деңгейінде құрылтайшы жүзеге асырады. ЖОО қосымша қаржы көздері мыналар болуы мүмкін: өз жерлерінде қызметке пайдалану үшін мамандарды жергілікті қаржы есебінен даярлау; шаруашылық және басқа да келісім-шарттар бойынша түскен қаржылар; банк несиелері; депозиттік салымдардан, бағалы қағаздардан түсетін кірістер; ғылыми, баспа, тауар өнімдерін өткізу арқылы түскен қаржылар; білімдік және басқа да қызметтер көрсетуден түскен қаржылар; сыртқы экономикалық қызметтен түскен қаржылар; өндіріс салалары, мекемелер, ұйымдар, кооперативтерден түскен еркін жарналар; жеке тұлғалардың салымы; бөлмелер мен құралдар жалы үшін мемлекеттік емес ЖОО түскен қаржылар; басқа да түсім көздері.

85. ЖОО коммерциялық колледждерде, факультеттерде, топтарда немесе басқа да құрылымдық бөлімшелерде оқытқаны үшін шығынын толық өтеген кәсіпорындармен, мекемелермен, ұжымдармен және жеке тұлғалармен келісім-шарт бойынша жоспардан тыс мамандар даярлай алады, сондай-ақ мемлекеттік білім стандартынан тыс қосымша ақылы білімдік қызмет көрсете

а л а д ы .

86. Ағымдық кезеңде (жыл, тоқсан, ай) пайдаланылмаған қаржылар ЖОО алынбайды немесе келер кезең (жыл бойы немесе келер жылы) қаржы көлеміне е с е п т е л м е й д і .

87. ЖОО ақылы білімдік және басқа да қызметтер көрсетуден түскен бюджеттен тысқары еркін қаржыларды банктерге қысқа мерзімді депозиттер түрінде қоя алады және бағалы қағаздар сатып алуға пайдалана алады.

XI. Жоғары оқу орындарының халықаралық ынтымақтастығы

88. Жоғары оқу орнының жоғары білім, мамандардың біліктілігін көтеру, оқу-ғылыми және басқа қызметтер саласында Қазақстан Республикасы заңдарына, халықаралық мәмілеге және келісім-шарттарға сай халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға құқысы бар.

89. Қазақстан Республикасының шет елде тұратын және Қазақстан Республикасында тұрақты тұрмайтын, азаматтығы айқындалмаған және шет ел мемлекеті азаматтарының білім алуы, біліктілігін көтеруі және педагогикалық қызметтермен айналысуы мемлекетаралық келісім негізінде, сонымен қатар шет ел ұйымдарымен және жеке азаматтарымен ЖОО-ң, құрған өзара шарты, келісімдері бойынша жүзеге асырылады.

XII. Есепке алу және есепке беру

90. Жоғары оқу орны өз жұмыс қорытындыларының жедел және бухгалтерлік есебін жүзеге асырады, белгілі форма бойынша статистикалық және бухгалтерлік есеп береді және қаржылар мен заттардың түсуі мен жұмсалуды жөнінде құрылтайшыға жыл сайын ЖОО ғылыми кеңесі бекіткен есеп беріп отырады.

91. Лауазымды тұлғалар Мемлекеттік есепті бұрмалаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

1 қосымша

XIII. Мемлекеттік емес (жекеменшік) жоғары оқу орны

92. Мемлекеттік емес жоғары оқу орны (жоо) - халыққа білім беру қызметін атқару үшін жекеменшік түрінде құрылған Заңды тұлғаның құқығы бар дербес с у б ь е к т .

93. Мемлекеттік емес ЖОО өз қызметін атқаруда Қазақстан Республикасының Конституциясын және күші бар заңдарды, сондай-ақ осы Ережені және өзінің Жарғысын басшылыққа алады.

94. Заңды тұлғалар (шетелдердікін қосқанда) және жеке тұлғалар (шетелдіктерді қосқанда) мемлекеттік емес ЖОО-ның құрылтайшылары бола а л а д ы .

95. Мемлекеттік емес ЖОО-ның Жарғысы және құрылтай шарты (егерде

құрылтайшы бірақ жеке тұлға болса онда тек Жарғысы) құрылтай құжаты болып табылады. Бұл білім беру мекемелерінің Жарғылары лицензиямен келісіледі және белгіленген тәртіппен тіркеледі.

Мемлекеттік емес білім беру мекемесінің Жарғысына мыналар кіруі керек:

- мекеменің түрі және толық атауы;
- мекен жайы;
- құрылтайшылардың құрамы;
- ұйымдастыру-құқықтық түрі;
- қызметінің мақсаты және заты (берілетін білім қызметінің түрі);
- қай тілде (тілдерде) оқытатыны;
- студенттерді қабылдау, шығару және олардың оқу процессін бітіру тәртібі;
- студенттердің құқықтары мен міндеттері;
- басқару және бақылау органдары, бастықты тағайындау тәртібі және оның құзырлығы, өкілдігі;
- материалдық қорын құрастыру жолдары, қаржылау көздері, табысын бөлу;
- қызметін тоқтатудың және қайта құрудың жағдайы.

Құрылтайшылардың және мекеме әкімшілігінің қарым-қатынасы Жарғыда анық көрсетіледі.

96. Мемлекеттік емес ЖОО мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды тұлғаның құқығын алады.

97. Мемлекеттік емес ЖОО-ға білім беру қызметін атқару құқығына Қазақстан Республикасы оқу орындарын лицензиялау, аттестациялау және аккредитациялау Ережесіне сәйкес лицензия беріледі. Оқу орнының білім беру қызметіне құқығы лицензия алған күннен басталады.

Егерде мемлекеттік емес ЖОО мемлекеттік ЖОО-ның базасында негізделінсе, онда мемлекеттік емес ЖОО жылда қабылдайтын студенттердің саны мемлекеттік ЖОО-ның жылда қабылдайтын студенттерінің 40%-нен аспауы керек.

98. Мемлекеттік емес ЖОО-лар аймақтық кеңеске және ЖОО-лардың оқу-әдістемелік бірлестігінің кеңесіне кіруі мүмкін.

99. Мемлекеттік емес ЖОО-ның бастығын құрылтайшылар тағайындайды.

100. Мемлекеттік емес ЖОО-лар студенттерді қабылдау ережесін өздері жасауға және бекітуге ерікті.

101. Мемлекеттік емес ЖОО-лар оқуға түсушілерді оқу орнының Жарғысының негізгі ережелерімен таныстыруға және оларға білім беру қызметін жүргізуге құқықтылығына лицензиясы барлығы туралы мәлімдеме беруге міндетті.

102. Студенттерді қабылдау жағдайын, санын, ұйымдастыру түрлерін және білім беру процестің тәртібін мемлекеттік емес ЖОО лицензияда және

лицензиялық карточкада белгіленген талаптарға сәйкес өзі анықтауға ерікті.

103. Мемлекеттік емес ЖОО оқыту қызметін Қазақстан Республикасының заңына және оқу орнының жарғысына сәйкес атқаруға ерікті.

104. Мемлекеттік емес ЖОО үлгі оқу жоспарының негізінде Республикалық оқу-әдістеме бірлестігімен келісілген мамандықтар бойынша жұмысқа арналған оқу жоспарларын жасайды және бекітеді.

105. Мемлекеттік емес ЖОО қорытынды аттестациялаудан ойдағыдай өткен бітірушілерге оқу орнының жарлығына сәйкес білім туралы өзінің үлгісіндегі құжат береді. Жекеменшік ЖОО-ға білім туралы құжаттың мемлекеттік үлгісін Білім министрлігі белгілейді.

106. Мемлекеттік емес ЖОО-ларды бітірушілерге қорытынды аттестациялау жүргізетін және оларға мамандық атағын беретін мамандандыру комиссиясының арнайы құрамын ЖОО-ның бастығы бекітеді. Комиссияның төрағасы Білім министрлігімен келісіліп бекітіледі.

107. Мемлекеттік емес аккредитацияланбаған ЖОО-ларда білім алған адамдар мемлекеттік ақылы аттестациядан өтуге құқығы бар.

Мемлекеттік ақылы аттестацияны өткізетін Мемлекеттік мамандандыру комиссиясының құрамын Қазақстан Республикасы Білім министрлігі бекітеді. Мемлекеттік аттестациялаудан өткісі келмеген бітірушілерге колледж өз үлгісіндегі дипломды береді.

108. Мемлекеттік емес ЖОО-лардың студенттерінің құқықтары мемлекеттік ЖОО-лардың студенттерінің құқығымен бірдей.

109. Мемлекеттік емес ЖОО-ларда оқитын адамдарға белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік ЖОО-ларға ауысуға болады.

110. Мемлекеттік ЖОО-лардың оқытушылары және басқа жұмыскерлері туралы Ереже мемлекеттік емес ЖОО-лардың педагогикалық және басқа жұмыскерлеріне тиісті.

111. Қаржы-шаруашылық қызметі заң белгіленген тәртіппен шектеледі.

112. Мемлекеттік емес ЖОО-лар өзінің қызметінің нәтижесін есепке алады, бухгалтерлік және статистикалық есепті жүргізеді, оның дұрыстығына жауап береді.

Бухгалтерлік және статистикалық есепті жүргізудің тәртібі Қазақстан Республикасының күші бар заңдары мен реттеледі.

113. Мемлекеттік емес ЖОО-лардың қызметін және көрсетілетін қызметтің сапасын бақылау, аттестациялау және аккредитациялау Қазақстан Республикасы Білім министрлігі бекіткен лицензиялау, аттестациялау және аккредитациялау Ережесіне сәйкес іске асырылады.

114. Егерде аттестациялаудың нәтижесінде білім беру қызметін атқару лицензиясының құқығы тоқтатылса, онда мемлекеттік емес ЖОО-ның

құрылтайшылары, ашылған кемшіліктерді жойғаннан кейін, белгіленген тәртіппен білім беру қызметіне лицензия алу үшін материалдарын береді.

115. Аттестациялаудың негізінде ұйымдастыру-құқықтың түрі, статусы өзгертілсе, білім беру қызметінің түрлері ауысса, тіркелу куәлігі және білім беру қызметін жүргізу құқығы өзінің күшін жояды. Егерде білім беру қызметі жалғасатын болса, онда мемлекеттік емес ЖОО-ның құрылтайшылары белгіленген тәртіппен лицензия алу үшін материалдарын береді.

116. Аттестациялаудың қорытындысына сәйкес лицензия қайтарып алынса, мемлекеттік емес ЖОО-ның құрылтайшылары аттестациялаудың нәтижесі бойынша нақтылы шаралар қолданады және бір айдың ішінде оқу орнын қайта құруға, профилін өзгертуге немесе жабу туралы шешім қабылдайды.

117. Мемлекеттік емес ЖОО жабылатын болса студенттердің және олардың ата-аналарының материалдық және моральдық шығындарын өтеуге құрылтайшылар заңды түрде жауапты.